Әділет

# Құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу ережесін және Уақытша кедендік декларация беру жолымен тауарларды декларациялау ережесін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2006 жылғы 27 маусымдағы N 220 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 24 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 4307. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 53, 112, 219 және 387-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу ережесі;

2) Уақытша кедендік декларация беру жолымен тауарларды декларациялау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы (Н.Ғ. Досмұратова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Ұйымдастырушылық жұмыс және бақылау басқармасы (С.С. Молдабаев) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес келесі бұйрықтар күшін жойған болып саналсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен кейін бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төрағаның м.а.*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Кедендік бақылау комитеті
Төрағасының м.а.

2006 жылғы 27 маусымдағы
N 220 бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің күші жойылған бұйрықтарының тізбесі**

1) "Уақытша кедендік декларацияны толтыру және уақытша декларациялау рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 218 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылғы 4 маусымда N 2347 тіркелді, 2003 жылғы 20 қыркүйек N 38 "Ресми газетте" жарияланды, ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 08.07.04 ж. N 299 бұйрығымен, ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының м.а. 2005.28.09 N 382 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

2) "Уақытша кедендік декларацияны толтыру және уақытша декларациялау рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 218 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 22 шілдеде N 2959 тіркелді, 2004 жылғы 4 қыркүйек N 36 (192) "Ресми газетінде"; 2004 ж. N 41-44 ҚР Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 1041 бетінде);

3) "Уақытша кедендік декларацияны толтыру және уақытша декларациялау рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 218 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төраға м.а. 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 30 қыркүйекте N 3865 тіркелді, "Заң газетінде" 2005 ж. 30 қараша N 158 (782) жарияланды).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Кедендік бақылау комитеті
төрағасының м.а.
2006 жылғы 27 маусымдағы
N 220 бұйрығымен бекітілген

## Құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже кедендік ресімдеу, құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды өткізуге байланысты алдын ала операцияларды, кедендік операциялар мен рәсімдерді жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде Қазақстан Республикасының Кеден кодексімен (бұдан әрі - Кеден кодексі) айқындалған мәніндегі негізгі ұғымдар, сондай-ақ құбыр көлігімен және электр беру желілерімен тасымалданатын тауарлар үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тауарларды қабылдап алу пункті - жөнелтуші кеден органының қызмет аймағында орналасқан бір бағыттағы тауарларды тасымалдаудың бастапқы пункті;

2) тауарларды беру пункті - межелі кеден органының қызмет аймағында орналасқан тауарларды тасымалдаудың соңғы пункті;

3) кедендік бақылау орындары - коммерциялық есептеу құралдарын орнату орындарында орналасқан құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды өткізу пункттері және/немесе қабылдап алу-тапсыру пункттері;

4) электр энергиясын өткізуші тұлға - электр энергетикасы туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясының көтерме және бөлшек рыногының субъектісі;

5) энергетикалық жүйе (энергия жүйесі) - жедел-диспетчерлік басқарулар кезінде электр қуатын және электр энергиясын өндіру, беру, бөлу және тұтынудың технологиялық үздіксіз процестің жалпы режимімен өзара байланысты электр станцияларының, электр беру желілері мен кіші станцияларының жиынтығы;

6) есептеу кезеңі - оның қорытындысы бойынша құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды жеткізу - тұтынудың нақты теңгерімі құралатын уақыт кесіндісі (ай);

7) нақты теңгерім - есепті кезең ішінде өндірілген, жеткізілген және тұтынылған құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарлардың көлемін адрестік бөлуді белгілейтін құжат;

8) электр энергиясының өтуі - электр энергиясын электр берудің 1 немесе бірнеше желілері бойынша бір бағытта беру;

9) "ағынды-сальдо" - есептеу кезеңі ішінде (ай) халықаралық электр беру желілері бойынша кеден шекарасы арқылы қарама-қарсы бағытта өткізілетін

электр энергиясы ағынының алгебралық сомасы;

10) параллельді жұмыс - электроэнергетикалық жүйе немесе бірыңғай жиілікпен энергия жүйесінің бірлескен жұмысы. Параллельді жұмыстың мақсаты тұтынушының энергиямен жабдықтау сенімділігін тиісті деңгейде қамтамасыз ету, энергия жүйесінде аварриялық жағдайды жою, үнемдеушілікті арттыру, қуат резервінің көлемін азайту, уақытша еркін қуатты пайдалану болып табылады;

11) аварриялық жағдай - жұмыста көліктік және технологиялық жабдықтардың бұзылуы немесе бұзылу қаупі;

12) аварриялық өзара көмек - аварриялық жағдайлардың алдын алу немесе жоюды жүзеге асыру мақсатында энергия жүйесінен (не) шет елге электр энергиясын беру.

## 2. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізу кезіндегі алдын ала операциялар мен кедендік рәсімдер

3. Қазақстан Республикасының кеден шекарасына құбыр көлігін пайдалана отырып және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды әкелу кезінде алдын ала операциялар мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) межелі кеден органында алдын ала кедендік ресімдеу;

2) тауарды өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар жөнелтуші кеден органына уақытша кедендік жүк декларациясының (бұдан әрі - УКЖД) көшірмесін ұсыну жолымен тауардың өткізу пункттерін кесіп өткені туралы хабардар ету;

3) межелі кеден органына кедендік мақсаттарда қажет құжаттар мен мәліметтерді ұсыну.

4. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша тауарларды әкету кезіндегі кедендік рәсімдерге мынадай кедендік операциялар кіреді:

1) уақытша кедендік жүк декларациясын, құжаттарды және мәліметтерді ұсыну жолымен тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тұлға оларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге әкету ниеті туралы жөнелтуші кеден органын хабардар ету;

2) межелі кеден органын УКЖД көшірмесін ұсыну жолымен хабардар ету;

3) УКЖД көшірмесінде және көлік құжаттарында межелі кеден органының белгілерін қою жолымен тауардың іс жүзінде әкетілуін растау;

4) жөнелтуші кеден органында кедендік ресімдеуді жүзеге асыру.

## 3. Тауарларды құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізу кезіндегі кедендік ресімдеу ерекшеліктері

5. Құбыр көлігін және электр беру желілерін пайдалана отырып өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу тауарлар орналасқан жердегі кеден органының қызмет аумағында сол үшін бөлінген орында уақытша декларациялау рәсімін қолдана отырып жүзеге асырылады. Кеден ісі мәселелері бойынша уәкілетті орган декларанттың дәлелді сұранысы бойынша тауарларды кедендік ресімдеу үшін басқа орын беруге құқылы.

6. Тасымалдаушы үшін уақытша кеден декларациясын ұсыну жолымен тауарларды декларациялау Ережелеріне сәйкес ресімделген УКЖД Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізуге негіз болып табылады.

7. Коммерциялық келісім-шарт пен энергия жүйелерінің параллелді жұмысы жағдайындағы нөлдік сальдо-ағынын жоспарлау болмаған кезде электр энергиясын кедендік ресімдеу жүргізілмейді. Бұл ретте электр энергиясын өткізуші тұлғалар параллелді жұмыс туралы келісім-шарттарды ұсына отырып және мемлекетаралық электр беру желілерін көрсете отырып кеден органдарын энергия жүйесін параллелді жұмысқа қосу жөнінде жазбаша хабардар етеді.

Энергия жүйелерінің параллелді жұмысы кезіндегі есепті кезең ішінде алынған электр энергиясының жоспардан тыс көлемін кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған мәміле негізінде кедендік мақсатта қажет құжаттар мен мағлұматтар ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Есептеу кезеңі аяқталған сәттен 30 күннен кешіктірмей болған екі тараптың бірі жоспардан тыс электр энергиясының көлеміне кедендік жүк декларациясын (бұдан әрі - КЖД) береді. КЖД электр энергиясының нақты теңгерімінің негізінде және берілген электр энергиясының көлемін салыстыру актісін ұсына отырып ресімделеді.

8. Авария жағдайы кезінде жеткізілген электр энергиясы, Кеден кодексінің 370-бабына сәйкес басымдық тәртіппен кедендік ресімдеуге жатады. Авариялық жағдай туындаған сәттен бастап үш тәулік ішінде кеден органына берілген диспетчерлік өтініш, мәлімдеме УКЖД ретінде қаралады. Өтініште, тауарды жөнелтушілер және алушылар туралы, тауарды жөнелткен және баратын елдері туралы, атауы, сипаттамасы, саны және тауардың құны, сондай-ақ декларацияланатын тауар орналастырылады деп болжалған кедендік режим туралы, кедендік жүк декларациясын, кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді белгіленген мерзімде жеткізу туралы міндеттеме мазмұндалуы

т и і с .

Жеткізілген айдың соңғы күнінен бастап 30 күннен кешіктірмей қызмет аймағында жеткізу жүзеге асырылатын кеден органына КЖД беріледі.

## 4. Құбыр тасымалы көлігін және электр беру желілерін пайдалана отырып тауарларды транзиттеу

9. Екі мемлекеттің энергия жүйесінің параллелді жұмысы кезінде мемлекетаралық электр беру желісі бойынша Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы шектес елдердің электр энергиясының ағындарын декларациялау , олардың екі өткізу пункті арасындағы электр беру желілері бойынша шектес елдің кеден аумағы арқылы қазақстандық электр энергиясының ағындары сияқты тең, иесі туралы, есептеу кезеңдегі ағындар көлемі және электр энергиясының шартты құны туралы мәліметтерді көрсете отырып, еркін түрде жазылған өтінішті ұсыну жолымен жүргізіледі.

10. Құбыр желісімен және электр энергия беру желілері арқылы өткізілетін тауарлардың транзитін декларациялауды жөнелтуші (сатушы), алушы (сатып алушы), жөнелтілетін ел, межелі ел, тауарлардың мөлшері, құны туралы мәліметтер бере отырып және кедендік бақылау орындары көрсете отырып 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кеден органдарына өтініш беру жолымен тауарлардың өткізілуі басталғанға дейін тауарларды оңайлатылған тәртіппен өткізуші тұлғалар жүзеге асырады. Бұл ретте өтініштерді тіркеу 6-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы журналда жүргізіледі.

Тауарлар өткізілген айдың соңғы күнінен бастап 30 күннен кешіктірілмей есепті кезең ішінде әрбір арналы құбыр желісі мен электр беру желілері бойынша тауарлардың транзиттік көлеміне арналған КЖД толтырылады.

11. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тауарларды транзиттеу кезінде 3, 5, 6, 7, 12, 14, 15, 16, 17, 17а, 19, 23, 25, 26, 29, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 41, 45, 46, 47, 54, В, С және Д бағандары тауарларды еркін айналымға шығару кедендік режиміне жататын тауарларды декларациялау кезіндегі КЖД толтырудың белгіленген тәртібіне сәйкес толтырылады.

12. Декларант КЖД келесі бағандарын толтырады:

1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 12, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 21, 22, 23, 25, 26, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 41, 44, 45, 46, 47, 53, 54, А, В.

13. Кеден органының лауазымды тұлғасы 7, А (қосымша парақ), С және Д бағандарын толтырады.

14. 1, 2, 8, 9, 18, 21, 22, 28, 31, 40, 44, 53, А бағандары келесі ерекшеліктерді ескере отырып толтырылады:

1-баған. "Декларацияның түрі".

Бірінші кіші тарауында тауарларды өткізу бағыты көрсетіледі: тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитінде -"ИМ".

Бағанның екінші кіші тарауында кедендік режимнің 80 екі мәнді коды көрсетіледі.

2-баған."Жөнелтуші/экспортер":

көлік құжаттарына сәйкес транзит режиміне жатқызылатын тауарларды жөнелтуші болып табылатын тұлғаның атауы мен тұрған жері көрсетіледі.

8-баған."Алушы/импортер":

көлік құжаттарына сәйкес транзит режиміне жатқызылатын тауарларды алушы болып табылатын тұлғаның атауы мен тұрған жері көрсетіледі.

9-баған. "Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлға":

тасымалдаушы (орындаушы) туралы мәліметтер көрсетіледі:

тасымалдаушының (орындаушының) атауы мен тұрған жері, телефон нөмірі, 9-бағанның жоғары бөлігінде кедендік статистика қалыптастыру мақсатында қолданылатын сәйкестендіру нөмірі енгізіледі.

18-баған. "Жөнелту кезіндегі көлік құралы":

сол жағында көлік құралы түрінің қысқартылған атауы: арналы құбыр немесе электр беру желілері (АГ - арналы газқұбыры, АМ - арналы мұнайқұбыры, ЭБЖ - электр беру желілері, АМӨ - арналы мұнай өнімдері құбыры), қос нүкте арқылы құбыр көлігі немесе электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік бақылау орындарының Жіктемесіне сәйкес тауарларды кедендік бақылау орнының немесе орындарының коды көрсетіледі. Мысалы: АГ:091; АМ: 004; ЭБЖ:024, 025;

оң жақтағы кіші тарауында олар тіркелген елдің сандық коды көрсетіледі.

21-баған. "Шекарадағы көлік құралы":

сол жағында көлік құралы түрінің қысқартылған атауы: арналы құбыр немесе электр беру желілері (АГ - арналы газқұбыры, АМ - арналы мұнайқұбыры, ЭБЖ - электр беру желілері, АМӨ - арналы мұнай өнімдері құбыры), қос нүкте арқылы құбыр көлігі немесе электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік бақылау орындарының Жіктемесіне сәйкес тауарларды кедендік бақылау орнының немесе орындарының коды көрсетіледі. Мысалы: АГ:091; АМ: 004; ЭБЖ:024, 025;

оң жақтағы кіші тарауында олар тіркелген елдің сандық коды көрсетіледі.

22-баған. "Валюта және жалпы фактуралық құны":

бағанның сол жағындағы кіші тарауында шот-фактурадағы тауарлардың құны көрсетілген валютаның сандық коды енгізіледі;

бағанның оң жағындағы кіші тарауы толтырылмайды.

28-баған. "Қаржылық және банк мәліметтері":

Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлғаның қаржылық және банктік мәліметтері (әрбір деректеме әрқайсысының рет санын көрсете отырып жаңа жолдан бастап енгізіледі) көрсетіледі:

2-банктің КҰЖК коды және үтір арқылы осы бағанда көрсетілген тұлға шот ашқан банктің қысқаша атауы (егерде банктің КҰЖК коды 8 саннан құралған болса, оң жағынан төрт нөлмен толықтырылады);

3-осы бағанда 2-нөмірмен көрсетілген банктің заңды мекен-жайы;

4-осы бағанда көрсетілген тұлғаның банктегі шотының нөмірі, егерде тасымалдаушы/орындаушы шетелдік тұлға болған жағдайда, баған толтырылмайды.

31-баған. "Жүк орындары және тауарлардың сипаттамасы":

Тауардың ілеспе құжаттарына сәйкес тауардың сипаттамасы көрсетіледі.

40-баған. "Жалпы декларация/алдынғы құжат":

Бағанда алдыңғы хабарламаның нөмірі көрсетіледі.

44-баған. "Қосымша ақпарат/ұсынылатын құжаттар":

2-нөмірмен - көлік құжатының нөмірі;

3-нөмірмен - тасымал шартының нөмірі мен күні;

4-нөмірмен - шарттың, шот-фактураның (инвойстың) нөмірі мен күні;

6-нөмірмен - межелі кеден органына тапсырылатын тауарлардың басқа құжаттарының атауы, нөмірі мен күні (әрбір деректеме әрқайсысының алдына рет саны көрсетіле отырып жаңа жолдан енгізіледі) көрсетіледі.

53-баған. "Кеден және баратын елі":

Бағанда тауарлар межелі кеден органына жолданған құжаттар туралы мәліметтер (әрбір деректеме әрқайсысының алдына рет саны көрсетіле отырып жаңа жолдан енгізіледі) көрсетіледі:

4-нөмірмен Қазақстан Республикасының шекарасындағы кедендік бақылау орындарында орналасқан Қазақстан Республикасындағы межелі кеден органының атау мен коды көрсетіледі.

А бағаны (негізгі парақ) транзиттік тауарларды декларациялаған жағдайда толтырылады.

Кеден брокері 1 санымен:

ұлттық валютамен есеп айырысу шотының нөмірін, СТН, кеден брокері есеп айырысу шотын ашқан банктің атауы мен пошталық мекен-жайын көрсетеді.

А бағаны (қосымша парақ):

транзиттік декларацияның анықтамалық нөмірі көрсетіледі.

## 6. Сәйкестендіру құралдарын салудың тәртібі

15. Тасымалданатын тауарлардың есептеу аспаптарындағы ақпараттардың рұқсатсыз өзгертілуін және оған енудің алдын алу, коммерциялық есептеу торабына соқпастан тауарларды тасымалдаудың жолын кесу мақсатында, кедендік сәйкестендіру құралдары салынады.

16. Сәйкестендіру құралын салуды Кеден кодексінің 476-бабына сәйкес кеден органының лауазымды адамы тасымалдауға жауапты адамның қатысуымен жүзеге асырады. Қараңыз.K100296

17. Сәйкестендіру құралдары, егер тауарлар саны мен сапасын өлшеу жұмыстарының қалыпты жүйесінің бұзылуына нақты қауіп не авариялық және өрт қаупі жағдайында қосымша технологиялық көлік желісін қолдану қажет болатын жағдайларды қоспағанда, тек кеден органымен немесе тек қана оның рұқсатымен өзгертіледі не жойылады.

18. Тауарларды тасымалдаушы тұлғалардың диспетчерлік қызметі қолда бар байланыс арналары бойынша Қазақстан Республикасының кеден органын салынған сәйкестендіру құралдарының тұтастығын бұзуға әкеп соқтырған себептерді жазбаша түсіндіре отырып авариялық жағдайларды жою жөнінде жұмыстар жүргізілгендігі туралы хабардар етеді.

19. Салынған сәйкестендіру құралдарының тұтастығын бұзумен және бөлшектеумен байланысты жабдықты күнделікті не күрделі жөндеу бойынша жоспарлы жұмысты жүргізген жағдайда, тасымалдаушының басшысы мұндай жұмысты жүргізердің алдында кемінде 3 тәулік бұрын мұндай жұмыстың жүргізілетін күнін және ұзақтығын көрсете отырып кеден органын хабардар етеді .

20. Кедендік сәйкестендіру құралын салу және алу кезінде кеден органының лауазымды адамы белгіленген нысан бойынша кедендік сәйкестендіру құралын салғаны (алғаны) туралы 4-қосымшаға сәйкес акт жасайды. Акт екі данада жасалады, оның бірі кеден органында сақталады, екіншісі тасымалдаушыда қалдырылады.

## 7. Ақпараттарды беру

21. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында тауарларды жөнелтуші/межелі кеден органы УЖКД-ның көшірмелерін межелі/жөнелтуші кеден органына ұсынады.

22. Қызмет аймағында тауарларды кедендік бақылау орындары орналасқан межелі/жөнелтуші кеден органы есепті айдан кейінгі айдың 10-на дейін кеден органының лауазымды тұлғасы қол қойып, куәландырған, 1, 2, 3-қосымшаларда бекітілген нысан бойынша ресімделген "Санауыштан көрсеткіштерді алу туралы

" актіні және кеден органының белгілері қойылған УКЖД көшірмелерін жөнелтуші/межелі кеден органына жібереді.

23. Тауарларды өткізуді жүзеге асырушы тұлға, есептіден кейінгі айдың 20-шы жұлдызына дейінгі мерзімде ай сайын, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы әрбір магистралды құбыр және электр беру желісі бойынша өткізілетін тауарлар көлемінің теңгерімін тұтынушыларды, сондай-ақ келесі айға тасымалданатын тауарлардың жоспарланып отырған көлемін көрсете отырып, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға және жөнелтуші/межелі кеден органына ұсынады.

Құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу ережесіне 1-қосымша

**А к т**

______________________________КБД
__________ кеден бекетінде ________ 200_ жылы (айы) мұнайды тасымалын өткізу пунктіндегі есептеуіш көрсеткіштерін алу туралы (газ конденсатын қоса)

"_____"_____________200_ жыл

| N Р/с | Өткізу пунктінің атауы | Есептеу құралының ай басындағы көрсеткіші | Есептік кезеңнің соңында есептеу құралындағы көрсеткіш | Өткізілген мұнайдың көлемі (тонна) |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Есептеу торабының өкілінің ________________ _______________
(Т.А.Ә.) (қолы)
Кеден органы лауазымды адамының ________________ _______________
(Т.А.Ә.) (қолы)

Құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу ережесіне 2-қосымша

**А к т**

______________________________КБД
__________ кеден бекетінде _________ 200_ жылы (айы) табиғи газ тасымалын өткізу пунктіндегі есептеуіш көрсеткіштерін алу туралы

"_____"____________200_ жыл

| | | | | |
|---|---|---|---|---|

| N Р/с | Газды өткізу пунктінің атауы | Есептеу құралының ай басындағы көрсеткіші | Есептік кезеңнің соңында есептеу құралындағы көрсеткіш | Өткізілген газдың көлемі ( мың $м^3$ ) |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Есептеу торабының өкілінің ________________ _______________
(Т.А.Ә.) (қолы)
Кеден органы лауазымды адамының ________________ _______________
(Т.А.Ә.) (қолы)

Құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу ережесіне 3-қосымша

**А к т**

"_____"_____________200_ жыл

________________________________________________________
(энергия объектілері және энергия жүйелерінің атауы)
және 200_ ж._____ ______________________________________
(айы) (шектес мемлекеттердің энергия жүйелерінің атауы)
арасындағы электр энергиясының ағынын анықтауға арналған санауыштардың көрсеткіштерін алу

| ЭБЖ кіші станцияларының атауы | Санауыш көрсеткіштері | | Санауыш көрсеткіштерінің айырмашылығы | Санауыш коэффициенті | электр энергиясының шығыны кВт/с |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ағымдағы айдың жұлдызында 00-00 сағатта | Өткен айдың жұлдызында 00-00 сағатта | | | |
| Қабылдау | | | | | |
| Қайтарым | | | | | |

Энергия объектісінің өкілі ___________ _________________
(қолы) (Т.Ә.А.)
Кеденнің өкілі ___________ __________________
(қолы) (Т.Ә.А.)

Құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу ережесіне 4-қосымша

**А К Т**
**кедендік бірдейлендіру құралдарын салу және алу туралы**

200__жылғы "___" __________

Біз, төменде қол қоюшылар _________________________________________
_____________________________________________________________________

____________________________________________________________

_______________________________________________________ кедендік бірдейлендіру құралдарын салудың (алудың) жүргізілгендігі туралы осы актіні жасадық.

| Өлшеу құралдарының атауы | Құралдың түрі және дәлдік класы | Құралдың пломбалау сәтіндегі көрсеткіштері | Алынған кеден пломбасының таңбасы | Құралдың пломбаны алу сәтіндегі көрсеткіштері | Кеден органы пломбасының таңбасы | Кеден пломбаларының саны (алынған) салынған |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

___________________ облысы бойынша КБД жедел кезекшісінің қызметтік телефоны ______________________

_________________ ________________ ___________________

(Т.А.Ә.) (лауазымы) (қолы)

_________________ ________________ ___________________

(Т.А.Ә.) (лауазымы) (қолы)

Құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу ережесіне 5-қосымша

**N___ ӨТІНІШ**

Осымен Кеден кодексінің 219-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы бойынша«__________________________________

*"ішінде тауарларды өткізу мерзімі көрсетіледі"*

"_____________________________" тауарлар транзитін жүргізу ниеті

*тауарлардың атауы*

туралы мәлімдеймін.

Жөнелтуші ел ___________________________________________

Жөнелтуші ______________________________________________

Жөнелтушінің мекен-жайы _________________________________

Межелі ел ______________________________________________

Алушы _________________________________________________

Алушының мекен-жайы ___________________________________

Тауардың шыққан елі ____________________________________

Кеден брокері __________________________________________

Кеден брокерінің мекен-жайы ______________________________

Брокердің банктік реквизиттері ____________________________

Тасымалдаушының атауы (орындаушы) _____________________

Тасымалдаушының мекен-жайы (орындаушы) _______________

Тасымалдаушының банктік реквизиттері ____________________

Көлік түрі _______________________________________________

Шекарадағы кеден ____________________________________________

Тауар коды __________________________________________________

Тауардың сипаттамасы ________________________________________

Жалпы салмағы _______________, Таза салмағы _________________

Валюта коды _________________, валюта бағамы ________________

Кедендік құн ________________, жалпы кедендік құны __________

Статистикалық құны __________________________________________

Тауарға ілеспе құжат:

1.__________________________________________________________

2.__________________________________________________________

3.__________________________________________________________

4.__________________________________________________________

Кедендік баждар мен алымдарды есептеу:

| Түрі | Есептеудің негізі | Ставкасы | Сомасы | СП |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Еуро бағамы ________

| | |
|---|---|
| Орны және күні<br>Ұйым<br>Орындаушы<br>Қолы<br>Мөрі | Кедендік бақылау |

Құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу ережесіне 6-қосымша

**Өтініштерді тіркеу журналы**

| N р/с | Өтініштің (хабарламаның) тіркеу N | Жөнелтуші (сатушы) | Алушы (сатып алушы) | Ел | | Тауардың коды |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жөнелткен | Межелі | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

кестенің жалғасы

| Тауардың көлемі (мың м3, КВт-с, кг) | құны | Кедендік бақылау орындарының кодтары | Транзит айы | | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Кіру | шығу | |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |

Ескерту: өткізілетін көлемдердің бірліктері: табиғи газ - мың $м^3$; электрэнергиясы - квт.с; басқа тауарлар - кг.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Кедендік бақылау комитеті төрағасының м.а. 2006 жылғы 27 маусымдағы N 220 бұйрығымен бекітілген

## Уақытша кедендік декларацияны ұсына отырып, тауарларды декларациялау ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже кедендік жүк декларациясын (бұдан әрі - КЖД) толтыру тәртібін, нысанын және уақытша декларациялау рәсімін қолдана отырып декларациялау кезінде кедендік мақсатта КЖД мәлімделген мәліметтер тізбесін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Кеден кодексінің 373-бабына сәйкес (бұдан әрі - Кеден кодексі) тауарлар кедендік ресімдеу жүргізіліп жатқан Қазақстан Республикасының кеден органына декларацияланады. Қараңыз.K100296

3. Осы Ережеде Кеден кодексімен айқындалған мәніндегі негізгі ұғымдар, сондай-ақ теңіз көлігімен, магистральды құбырлармен және электр беру желілерімен тасымалданатын тауарлар үшін пайдаланылатын келесі ұғымдар қолданылады:

1) тауарларды қабылдап алу пункті - тауарларды өткізу пункттері арқылы бір бағытта тасымалдаудың бастапқы пункті;

2) тауарларды тапсыру пункті - тауарларды өткізу пункттері арқылы жеке меншік құқығын беру жүргізілетін тасымалдаудың соңғы пункті;

3) кедендік бақылау орындары - коммерциялық есептеу құралдары қондырылған орындарында орналасқан құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды өткізу пункттері және қабылдап алу-тапсыру пункттері;

5) тауардың жалпы салмағы - балласты қосқандағы салмағы;

6) тауардың таза салмағы - балласт есептен шығарылған салмағы;

7) балласт - судың массалық үлесінің (%), механикалық қоспалардың және Қазақстан Республикасында қолданыстағы мемлекеттік салалық стандарттары (ГОСТ) бойынша зертханалық талдау жолымен анықталған басқа да және құраушылардың массалық үлесінің (%) құрамы.

4. Уақытша декларациялау рәсімі қолданылады:

1) құбыр көлігін пайдалана отырып не электр беру желісі бойынша тауарларды өткізу кезінде;

2) тауарларды өткізуде КЖД тіркелген күні олардың санын, сапасын және

кедендік құнын айқындау мүмкін болмаған жағдайда.

5. Бір кедендік режимде мәлімделген, бір сыртқы сауда келісімімен ( шартымен) жеткізілген және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы және бір жөнелтуші бір алушының мекен-жайына жөнелткен, сол бір өткізу пункті арқылы, жеткізілу көлеміне қарамастан күнтізбелік ай ішінде - көлік құралының бір түрімен немесе электр беру желісі бойынша өткізілетін тауарларды бір партия ретінде декларациялауға болады.

Уақытша кедендік жүк декларациясы (бұдан әрі - УКЖД) кеден органына жеткізу басталғанға дейін ұсынылады.

6. УКЖД берумен бір мезгілде кеден органына оның электронды көшірмесі және Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында қарастырылған кедендік мақсаттар үшін қажетті басқа да құжаттар ұсынылады.

7. Тауарларды УКЖД-ны беру жолымен декларациялау кезінде кеден органы УКЖД-ны тіркеу күнінде қолданылып жүрген ҚР заңнамасына сәйкес нормаларды қолданады.

8. Тауарларды іс жүзінде өткізу басталғанға дейін жеткізілетін айда, сол сияқты жеткізілетін айдың алдыңғы айында да УКЖД-ны беруге рұқсат етіледі.

## 2. Уақытша декларациялау рәсімін қолданған кезде кедендік жүк декларациясын толтыру ережесі

9. УКЖД қабылдауды және тіркеуді КЖД беру жолымен декларацияланатын тауарларға қатысты қолданылатын тәртіпке сәйкес кеден органы жүргізеді. УКЖД тіркеу КЖД тіркеу журналында жүргізіледі.

10. УКЖД кеден ісі мәселелері бойынша өкілетті орган белгілеген мәлімделген кеден режиміне қатысты қолданылып жүрген КЖД-ны толтыру тәртібіне сәйкес, мынадай ерекшеліктерді ескере отырып, толтырылады:

1) 1-бағанның үшінші кіші тарауында "Декларацияның түрі" әріптік индексі көрсетіледі "УД" - "уақытша декларация";

2) көлік құжаттарының нөмірлері мен күні көрсетілместен жоспарланған тауарлар саны көрсетіледі;

КЖД-да мәлімделуге тиіс, саны мен сапасына қатысты басқа да мәліметтер, жеткізуге жататын тауарлардың жоспарлы санын ескере отырып, болжалды көрсетіледі;

3) тауардың құнын декларант сыртқы сауда шарты (келісімі) бағасын ескере отырып мәлімдейді. Егер, шартта (келісімде) тауардың бекітілген (нақты, ақырғы ) бағасы болмаса және тек ғана оны айқындаудың шарты белгіленсе, сондай-ақ өткізілетін тауарлардың сапасы немесе саны туралы нақты ақпарат кедендік декларация берген күні болмаса, сыртқы сауда шартындағы (келісіміндегі) сатып

алу-сатуда бекітілген не күні бұрынғы баға не сыртқы сауда шартымен ( келісімімен) сатып алу-сатуды есептеу шартымен белгіленгендерге сәйкес УКЖД-ны берген күнге айқындалған есептеу бағасы пайдаланылады. Өткізілетін тауарлардың шарты бағасына бұлай есептеу жүргізу мүмкін болмаған кезде кеден органы өкімінде бар ақпараттар негізінде жүргізіледі;

4) Уақытша декларациялау рәсімін пайдалана отырып тауарлар партиясын декларациялау кезінде, КЖД-ның 31-бағанында декларант күнтізбелік айы мен жылы көрсетілген "... ішінде өткізу" деген қосымша жазба жасайды. Тасымалдаушының кеден шекарасы арқылы тасымалдау үшін тауарларды қабылдауы тауарларды кедендік бақылау орындарында УКЖД-да мәлімделген кезең ішінде ғана жүргізіледі.

11. УКЖД анықтамалық нөмірі келесі схема бойынша қалыптастырылады:
99999/99999/9999999
1 2 3

1 элементі - кеден органының коды;

2 элементі - УКЖД-ны қабылдаған күн (күні, айы, ағымдағы жылдың соңғы екі саны);

3 элемент - КЖД-ны тіркеу журналы бойынша берілген УКЖД тіркеу нөмірі.

12. Декларант ұсынған құжаттарда көрсетілген мәліметтер сәйкес келген жағдайда жөнелтуші кеден органының лауазымды адамы көліктік және тауарға ілеспе құжаттарда аталған лауазымды адамның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәландырылатын УКЖД нөмірі мен тауарлардың шыққан күнін көрсете отырып "Шығуға рұқсат етіледі" деген жазбаны жүргізеді (немесе мөртабан қояды).

13. УКЖД-ның парақтарын бөлу мынадай түрде жүзеге асырылады:

1) бірінші парақ - кеден органында қалдырылады және арнайы мұрағатта сақталады;

2) екінші парақ - кеден органында қалады және кедендік бақылау мақсатында пайдаланылады;

3) үшінші парағы декларантқа қайтарылады;

4) төртінші парақ декларантқа оны тасымалдаушыға беру үшін қайтарылып беріледі және тауарлардың тасымалдауға рұқсат болып табылады;

5) бесінші парақ:

әкету кезінде кеден аумағы(да) арқылы қазақстандық тауарларды өткізу жүзеге асырылатын басқа мемлекеттің кеден органына ұсыну үшін тауарға ілеспе құжатқа қоса тігіледі;

тауарды әкелу кезінде кеден органында қалдырылады және кедендік бақылау мақсатында пайдаланылады.

14. Өткізілген тауарлардың іс жүзіндегі саны УКЖД-да мәлімделген тауарлар

санынан аспауы тиіс.

15. Тауарларды іс жүзінде әкету (әкелу) УКЖД бойынша өткізудің мәлімделген кезеңі ішінде жүзеге асырылмаған жағдайда, УКЖД қайтарылып алынуға тиіс және күшін жоюға жатады.

